

«Келісемін»

Директордың тәрбие жұмыс
жөніндегі орынбасары

Ашықбаева .Г.Е



«Бұлақтықол орта мектебі» КММ

**«Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында 2024-2025 оқу жылына арналған
«2»- кластың жылдық тәрбие жоспары**

Класс жетекшісі: Тажкенова.Қ.С



№	Іс шаралар атауы	Аяқтау нысандары	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету 1. «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 06.04.2020ж. №130 бұйрығы 2. «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы 3. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережесі бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023 ж. №748 қаулысы 4. «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021ж. №235 бұйрығы 5. «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жж арналған кешенді жоспар бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08.2023ж. №748 қаулысы 6. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрық				
II. Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру жағдайында тәрбиенің өзекті мәселелері бойынша қалалық, облыстық, республикалық ғылыми-практикалық семинар конференцияларға қатысу, өткізу.				
ҚЫРКҮЙЕК – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ				
1 қыркүйек – «Білім күні» 5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні қыркүйектің екінші жексенбісі – Отбасы күні қыркүйектің үшінші жексенбісі – Аналар күні қыркүйектің соңғы жексенбісі – Еңбек күні				
1	Білім күні. «Менің Отаным-Қазақстан» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2-сынып: «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сабақ жоспары Слайд материалдары	Сынып жетекшісі	02.09.
2	«Ана тілім-арым бұл» Қауіпсіздік сабағы 10мин 2-сынып: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптіері»	Сабақ жоспары	Сынып жетекшісі	09.09
3	«Мен және менің отбасым» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	16.09
4	«Бәрі де ана бір өзінен басталады» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2 -сынып: «Мүз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	23.09

5	«Еңбек-қуаныш,жалқаулық-азап» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	30.09
---	---	--------------	-----------------	-------

ҚАЗАН АЙЫ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ

1 қазан – Халықаралық карттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні

24 қазан – Кітапханашылар күні

25 Қазан – Республика күні

1	«Ұлттық ойын –ұлт қазынасы» Қауіпсіздік сабағы (10минут) 2-сынып Бейтаныс адамға көмек көрсетуге болама?» (10 минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.10
2	«Цифрлық желіде қауіпсіз қадам» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2 -сынып: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.10
3	25 қазан – «Республика күні» «Республикам – мақтанышым!» Республика күніне арналған сынып сағаты Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	21.10

ҚАРАША – ӘДІЛДІК ЖӘНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК АЙЫ

15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні

16 қараша – Халықаралық толеранттылық күні

1	«Ояң, ар мен адалдық!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	04.11
2	«Ұлттық валюта – теңге күні» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Жазғы демалыс кезіндегі мінез- құлық ережелері	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	11.11
3	«Буллингтен қорған!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2-сынып: «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	18.11

4	«Қоғамдық мүлiктi қорға» Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптерi»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	25.11
ЖЕЛТОҚСАН – БiРЛiК ЖӘНЕ ҰНТЫМАҚ АЙЫ				
5 желтоқсан – Дүниежүзілік Еріктілер күні 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1	«Дүниежүзілік Еріктілер күні» Табиғатқа қамқорлық жасайық! Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	02.12
2	«Мейірімділік - асыл қасиет» Қауiпсiздiк сабағы(10 минут) 2-сынып: «Мұз үстіндегі қауіптер».	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	09.12
3	«Тәуелсіздік – теңдесі жоқ байлығым» Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «5 секунда» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	09.12./16.12
4	«Бірлік және ынтымақ» құндылығы» «Жаңа жылдық тарту» Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «Желі арқылы танысу қауіпi»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	23.12
ҚАҢТАР – ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП АЙЫ				
1 қаңтар – Жаңа жыл				
1	«Менің құқықтарым мен міндеттерім» Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сабақтың жоспары	сынып жетекшiсi мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп	13.01
2	«Зорлық- зомбылықсыз балалық шақ» Ашық өңеге сабағы Қауiпсiздiк сабағы (10 минут) 2- сынып: «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi, мектеп инспекторы	20.01
3	«Менің ертеңім...» Қауiпсiздiк сабағы(10минут) 2- сынып: «Үйдегі ойын: қауіпсiздiк шараларын сақтаймыз»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшiсi	27.01

АҚПАН – ЖАСАМПАЗДЫҚ ЖӘНЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ

14 ақпан – Халықаралық кітап сыйлау күні

Ақпанның бірінші сейсенбісі – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні

1	«Менің жақсы қасиеттерім» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Жазғы демалыс кезіндегі мінез- құлық ережелері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	03.02
2	«Кім жүйрік ойға, сол алда!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.02.
3	«Кибербуллинг дегеніміз не?» Қауіпсіздік сабағы (10минут) 2-сынып: «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.02
4	«Тәртіп-тәрбие бастауы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сыныптар: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	24.02

НАУРЫЗ – ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ОТАНШЫЛДЫҚ АЙЫ

1 наурыз – Алғыс айту күні

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні

21, 22, 23 наурыз – Наурыз мерекесі

30 наурыз – Дүниежүзілік Жер күні

1	«Ананың аялы алақаны» Қауіпсіздік сабағы (10минут) «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі, ата ана	03.03
2	«Әке еңбегі-ұлға өнеге» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?» »	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	10.03
3	«Наурыз – жыл басы» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Желі арқылы танысу қаупі»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	17.03

СӘУІР – ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК АЙЫ

- 2 сәуір – Халықаралық балалар кітабы күні
 7 сәуір – Дүниежүзілік денсаулық күні
 12 сәуір – Ғылым күні
 15 сәуір – Халықаралық мәдениет күні
 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні
 23 сәуір – Ұлттық кітап күні

1	7-сәуір- дүниежүзілік денсаулық күні «Салауаттылық -денсаулық негізі» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	07.04
2	«Мәдениет-үлт өмірінің айнасы» Қауіпсіздік сабағы (10минут) 2- сынып: «Егер жабайы жануарларды кездестірsem не істеймін?»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	14.04
3	«Болашақ оқырмандар» Мектеп кітапханасына саяхат Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	21.04
4	« Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2-сынып: «Төтенше қызмет нөмірлері».	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	28.04

МАМЫР – БІРЛІК ЖӘНЕ ЫНТЫМАҚ АЙЫ

- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні
 7 мамыр – Отан қорғаушылар күні
 9 мамыр – Ұлы Отан соғысының Жеңіс күні
 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні
 18 мамыр – Халықаралық мұражайлар күні
 31 мамыр – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні

1	«Ерлер елдің тұтқасы» Отан қорғаушылар күні Ұлы Жеңіс күні Қауіпсіздік сабағы (10минут) «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	05.05
---	---	------------------	-----------------	-------

	қоңырау шалу скриптері»			
2	«Отбасы құндылығы-отбасы жылуы» Қауіпсіздік сабағы 10 минут 2- сынып: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	12.05
3	«Ынтымақ, Бірлік, Келісім – байанды бақыт ел үшін!» Қауіпсіздік сабағы«Үйдегі ойындар: қауіпсіздік шараларын сақтаймыз» (10минут)	Сабақтың жоспары	Сынып жетекшісі	19.05
4	«Білім – Отаным!» Қауіпсіздік сабағы (10 минут) 2- сынып: «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Әлеуметтік желіге жариялау	Сынып жетекшісі	23.05

Класс жетекшісі: ТажкеноваҚ.С

Бұлақтықол орта мектебінің
2024-2025 оқу жылындағы
2-сыныппен жүргізілген тәрбие
жұмысының жыл бойы жоспары
бойыншасараптамалық талдауы

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында елімізді дамытуға қатысты маңызды бастамалар көтерді. Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген ұштаған ұғым арқылы сипаттады. Ұштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бағдарлама құндылыққа бағдарланған және құзыреттілік тәсілдері негізінде білім алушы тұлғасын қалыптастыруға ықпал ететін негізгі мақсат пен міндеттерді айқындайды.

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жаңа келбетін қалыптастыратын құндылықтар:

- ↓ тәуелсіздік және отаншылдық
- ↓ бірлік және ынтымақ
- ↓ әділдік және жауапкершілік
- ↓ заң және тәртіп
- ↓ еңбекқорлық және кәсіби біліктілік
- ↓ жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Ұлт болашағы балалар мен жастардың бойына қандай құндылықтар сіңіретініне байланысты, сол себепті өскелең ұрпақты тәрбиелеу – мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі.

Сондықтан «Ыртығас тәрбие» бағдарламасы елімізді жаңартатын «Қағидамыз – әділдік, тірегіміз – жауапкершілік, мақсатымыз – өрлеу» ұстанымына негізделеді.

Бағдарламаның мақсаты:

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын

- ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

- әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдерімен қамтамасыз ету;
- білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаның күтілетін нәтижелері

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Камкор» жобасы
2. «Шабыт» жобасы
3. «Еңбегі адал-жас өрен» жобасы
4. «Үшқыр ой алаңы» жобасы
5. «Балалар кітапханасы» жобасы
6. «SMART BALA» жобасы

Классағы оқушылармен қосымша жүргізілген жұмыстар туралы

Тәрбие жұмысын әлеуметтік – педагогикалық тұрғыдан қамтамасыз етуде жыл басында кластағы әр оқушыға тұрмыстық – зерттеу актісі жасалып мектептің тәрбие ісінің орынбасары Г.Ашықбаеваға тапсырылды. Зерттеу актілерімен таныса отырып тұрмыстық жағдайы төмен, аз қамтылған отбасы балалары, толық емес отбасы балалары, көп балалы отбасы балалары анықталып, ата-анасының тарапынан оқушына қажетті құжаттар жинақталып, жеңілдік категорияларына енетін оқушылар анықталды. Отбасына зерттеу жасауда көп балалы отбасына Асылбек Ахуан енгізілді. Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспары бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді. Оқушыларға тегін тамақ , киім-кешек, оқу - құралдары берілді.


Классағы оқушылар саны	Қыз бала саны	Ер бала саны
4	0	4

Класс оқушыларымен оқу бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері:

Озат оқушылардың аты-жөні	«4» пен «5»- ке оқытын оқушының аты – жөні	Қанағаттанарлық деңгейде оқытын оқушы саны
1. Асылбек Ахуан 2. Сабыр Сағымдық 3. Ринатұлы Ахмал		1. Серіков Нұржігіт

Классың жыл бойынша үлгерім санасы –75%

1. I-тоқсан бойынша 75%
2. II-тоқсан бойынша 75%
3. III тоқсан бойынша 75%
4. IV тоқсан бойынша 75%



Класс оқушыларының жыл бойы жетістіктері.

Класс оқушылары жыл бойы мектепшілік қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты, спорттық жарыстарға, интеллектуальдык сайыстарға, пәндік олимпиадалар мен апталықтарға қатысып жетістіктерге жетті.

Сабыр Сағымдық - Жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық «Ақбота» олимпиадасының I дәрежелі диплом

«Талапкер» Республикалық олимпиадасында орыс тілі пәнінен I орын жүлдегері.

Асылбек Ақсқуан - «Талапкер» Республикалық олимпиадасының II орын жүлдегері.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша «Ақбота» олимпиадасында I-дәрежелі диплом

Ринатұлы Ахмад - «Талапкер» Республикалық олимпиадасының I орын жүлдегері.

«Ақбота», «Бастау» жалпы білім беретін пәндер бойынша оқушылардың Республикалық олимпиадаларының I орын жүлдегері болып жетістіктерге жетті.

Серіков Нұржігіт - мектепшілік іс-шараларға қатынасып марапаттарға не болды.

Сынып оқушылары мектепшілік «Құстарға қамқорлық жасауық» челленджіне қатысып 3-орынмен марапатталды. Аудандық мектеп ішілік нұсқаулықтар мен жоспарларға сәйкес белгіленген іс-шараларға белсене қатынасып отырды.

Оқу жылы соңында «Ырғұтас тәрбие» бағдарламасының жоспарына сәйкес «Ылым – Отаным!» сынып сағаты өткізіліп, оқу жылы қорытындыланып, оқушылардың жазғы демалыс кезіндегі қауіпсіздігі мен жазғы демалысын тиімді өткізудің ойлау дағдыларын дамыту үшін «Таза Қазақстан» тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, ел дамуына және болашаққа деген көзқарастарына ықпал ету нәтижесіндегі эссе байқауында Ринатұлы Ахмад I-орын алып марапатталды.

Класс оқушыларының психологиялық тұрғыдан қамтамасыз ету

«Баспадық» әдістемесі арқылы өзін-өзі бағалау деңгейін анықтауда сынып оқушыларымен өзін-өзі бағалауда сенімділік туралы көп жұмыстар жүргізілуі ұсынылды.

Ата – аналармен жүргізілген жұмыстар.

Қыркүйек айында ата-аналар комитетінің мүшелері сайланып, жоспары жасалынды.

Класс ата-аналар комитетінің төрайымы Аюп Балауса, хатшысы Мольбаева!

Жүргізілген жұмыстардың түрі	Тақырыбы	Тартылған ата – аналар саны
Жеке әңгіме	Оқушының тәртібі, сабаққа қатысымы, жеке қауіпсіздігі туралы	Күнбе-күн
Жиналыс	1. «Бала тәрбиесі-ортақ іс» жиналыс	
	2. «Отбасы-бақыт бесігі» жиналыс	
	3. «Білімдіге дүние жарық» жиналыс	
	4. АПҚО «Отбасындағы үйлесімділіктің кілті-сенімді қарым-қатынас»	
	5. «Білім мен тәрбие егіз» жиналыс	4

	6.Жазгы демалыс кезіндегі қауіпсіздік әңгімелесу.	
Оқушылардың үйлерінде, пәтерлерін аралау	1.Отбасылық жағдайын зерттеу 2. Оқушының сабағы туралы 3. Оқушының тәртібі туралы	4

Ата – аналар мерекелік шараларды ұйымдастыруда және мектепте өткен кластан тыс шараларға ат салысты. «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты ашық тәрбие сағатына қатысты.Жаңа жыл мерекесін өткізуге атсалысты.»Класс кабинетінде класс бұрышын жасақталған. Класс бұрышында мектеп оқушыларының ережесі, класс белсенділерінің, класс оқушыларының тізімі, сабақ кестесі, құттықтау беті ілінген.

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру тақырыбында ата – аналармен жиналыста жұмыстар жүргізіліп бос уақыттарын тиімді өткізу ата-ана тарапынан қатаң бақыланып отырды. Сыныптан тыс мектепшілік спорттық ойындарға «Кітап оқу»іс-шарасына қатынасып отырды.

Жыл бойы айырықша көңіл аударуды қажет ететін оқушылар болған жоқ. Оқушылармен мектеп психологы тарапынан жұмыстар жүрді. Алдағы оқу жылында көмекті қажет ететін оқушылар жоқ

Психологиялық – медициналық – педагогикалық комиссияға (ПМПК) жолданған оқушылар жоқ.

Оқушылардың сабаққа қатысымы туралы

Класс оқушыларының сабаққа қатысымы жыл бойына қадағаланып, бақыланып отырды.

2024 -2025 оқу жылында оқушылардың сабаққа қатысымы

I тоқсандағы қатысым пайызы	II тоқсандағы қатысым пайызы	III тоқсандағы қатысым пайызы	IV тоқсандағы қатысым пайызы	Жылдық қатысым пайызы
100 %	100 %	100%	95%	100%

Сабақтан ауырып қалған ,руқсат сұраған жағдайдағы оқушылардан дәрігерлік анықтамалар мен қолхаттары алынып отырылды.

Қорытынды: Жыл бойына жоспарланған сынып сабақтары уақытылы жүргізілді, кейбір тақырыптағы сабақтар «Салауаттылық-денсаулық кепілі» «Кибербуллинг деген не?» «Буллингтен қорған»ЭКОтұтыну сабақтары,ата-аналармен жүргізілген «Өнегелі15мин» бейнематериалдары, «Кітап оқу»іс-шарасы бойынша жүргізілген жұмыстар т.б мектептің инстипрақшасына салынды және анықтамаларымен қамтылды.

Тәрбие жұмысының жылдық жұмыс жоспарындағы жыл бойына бекітілген 33 класс сағаты,қауіпсіздік сағаты,алта дәйексәздері уақытылы оқушыларға беріліп жүргізіліп отырылды..Сынып бойынша жүргізілген жұмыстар жинақтығы жетекші портфолиосында оқушылар туралы мәлімет, өткізілген сынып сағаттарының жинақтары,сыныптан тыс шаралардың жоспарлары, ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың барлық материалдары жинақталып салынған.

Тәрбие жұмысының жүргізілген жұмыстарына талдау жасай келе 2025-26 оқу жылына ұсыныстар білдіремін:

- 1.Тәрбие жұмысының жоспарын жасауда сынып оқушыларының деңгейін ескеремін әр айдағы ұлттық құндылықтарға сай тақырыптар жоспарлаймын.
- 2.Сынып оқушыларына экологиялық тәрбие беру су,энергия көзін тұтыну мен тиімді,үнемді пайдалануға деген көзқарастарын қалыптастыруда сынып сабақтарын тоқсан сайын бір рет өткізуді жоспарлаймын.

Тәрбие жұмысына сараптамалық талдау жасаған сынып жетекшісі:

Таженова К.С